



I.ЖАНСҮГРОВ:

Өз елі, өз ерлерін ескермесе,
Ел мегі алсын қайдан

кеменгерді.



Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесін түсіндіру бойынша алқалы жиын



ұйымдастырылған шараға Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының Жетісу облысы бойынша филиалы директорының орынбасары Салимғали Ғаниет Нұрымұлы, Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының Жетісу облысы бойынша филиалының ақпараттық-түсіндіру жұмысының жетекшісі Нұрғалиева Мадина Тұрлыбекқызы, аудан әкімінің орынбасары Күләйхан Тұрсынбекқызы қатысты. Сонымен қатар ауылдық округ әкімдері, мекеме, бөлім басшылары, мамандар, есепшілер қатысты.

Кездесу соңында қатысушылар көкейлерінде жүрген сұрақтарын қойып, мамандар тарапынан тұщымды жауаптарын алды.

М.ШЫНДӘУЛЕТ.

Аудан тұрғындарына МӘМС жүйесін енгізу бойынша түсіндіру жұмыстарын өткізу, халықтың құқықтық, ақпараттық сауаттылығын арттыру, сондай-ақ, әлеуметтік қарама - қайшылықтарды шешу, оның алдын алу мақсатында

КЕҢЕС ӘСКЕРІНІҢ АУҒАН ЖЕРІНЕН ШЫҒАРЫЛҒАНЫНА - 35 ЖЫЛ!

Ауған соғысы ардагерлерімен кездесу



Биыл Кеңес әскерінің Ауғанстан жерінен шығарылғанына 35 жыл. Аудан бойынша 17 Ауған соғысының ардагерлері бар.

Ардагерлер аудандағы мәдени - көпшілік, қоғамдық - саяси, патриоттық шараларға белсенді қатысуда.

Мереке қарсаңында аудандық Қорғаныс бөлімінің мәжіліс залында Ауған соғысы ардагерлерімен кездесу өтті.

Шараға Жетісу облысының Ауған соғысы ардагерлері ұйымының төрағасы Жанабаяев Қайрат Темірғалиұлы, Ауған соғысының ардагері, «Қызыл жұлдыз» орденінің иегері Қасенов Асхат Ауғанбайұлы,

аудандық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Аманкелді Айтбайұлы, аудандық ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту, спорт бөлімінің басшысы Қасымбеков Нұрбол Нұрбекұлы, аудандық Қорғаныс істері жөніндегі бөлімнің бастығының орынбасары Каримов Қуаныш Асқарұлы, Ақсу ауданының Ауған соғысы ардагерлері ұйымының төрағасы Каримов Нартай Жармұқанбетұлы қатысты.

Ауған жерінде оқ пен от арасында өткізіп, елге оралып, бейбіт күнде еңбек еткен азаматтар, өткен күнді еске алып, тағылымды әңгімелерімен бөлісті.

Ербол СЫМХАНОВ.

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНЫҢ 5 АУДАНЫНА ОҚУШЫЛАР ТАСЫМАЛЫ ҮШІН ЖАҢА АВТОБУСТАР БЕРІЛДІ

Талдықорған қаласында Жетісу облысының 5 ауданына оқушылар тасымалы үшін жаңа автобустар берілді.

Салтанатты іс - шарада 5 автобус кілтін табыстаған облыстық білім басқармасының басшысы Марат Сүлейменов:

- Өткен жылы шалғай елді мекендердегі балаларды тасымалдау үшін республикалық бюджеттен 53,4 млн. теңгеге 7 автобус лизингке алынып, соның екеуі былтыр берілсе, қалған 5-еуін бүгін табыстап отырмыз. Сол сияқты 2023 жылы жергілікті бюджеттен 223 млн. теңге бөлініп, тағы 5 автобус сатып алынып берілген болатын. Бұл шаралар өз кезегінде оқушылардың денсаулығын қамтамасыз етуге оң ықпал етеді деп ойлаймын, - деді М. Сүлейменов.

Осы күні 24 орынды 5 автобус Ақсу, Алакөл, Ескелді, Қаратал, Көксу аудандарының



мектептеріне берілді. Енді бұл арнайы көліктер Ақсу ауданы Ю.Гагарин атындағы орта мектебіне Қызылжар ауылынан, Алакөл ауданы Теректі орта мектебіне Талдыбұлақ, Үшбұлақ ауылдарынан, Ескелді ауданы Балпық би атындағы орта мектебіне Теңлік, Теректі, Бөктерлі ауылдарынан, Қаратал ауданы

ны Қ.Байсейітов атындағы орта мектебіне Айдар ауылынан, Көксу ауданы №12 орта мектебіне Айнабұлақ стансысынан, Кемертоған ауылы развездінен оқушыларды тасымалдау үшін қолданылатын болады.

Жалпы, облыста 336 жалпы білім беретін мектеп бар, онда 129 мыңнан

астам оқушы білім алады. Қазіргі уақытта мектебі жоқ елді мекендер мен саяжайлардағы 1708 оқушыны тасымалдау ұйымдастырылған. Аталған білім алушыларды 67 автобус тасымалдайды. Сол сияқты облыстағы 32 бастауыш мектепті оңтайландыру жұмысы қолға алынып, облыс әкімімен бекітілген арнайы жол картасы бойынша бастауыш мектептерде оқитын оқушыларды негізгі және орта мектептерге тасымалдау жұмыстары ұйымдастырылуды. Сол үшін жергілікті бюджеттен қосымша тағы да 10 автобус алуға қаражат бөлінген.

Енді әр аудан өздері көлік сатып алады. Осылайша биылғы жылы тасымалдау мәселесі толығымен шешімін таппақ.

Толығырақ облыс әкімдігінің ресми сайтынан оқи аласыз.

Ләззат ҚАСЫМБЕКОВА.

БАСПАСӨЗ - 2024

АҚСУ ӨҢІРІ

ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ГАЗЕТИНЕ
2024 ЖЫЛДЫҢ II ЖАРТЫ
ЖЫЛДЫҒЫНА ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП
ЖАТЫР

АУДАНЫҢ ТЫНЫС - ТІРШІЛІГІНЕН
ҚҰЛАҒДАР БОЛҒЫҢЫЗ
КЕЛСЕ, АУДАНЫҚ ЖӘНЕ АУЫЛДЫҚ
"ҚАЗПОШТА"
БАЙЛАНЫС БӨЛІМШЕЛЕРІНЕ БАРЫП
ЖАЗЫЛЫҢЫЗДАР!

"АҚСУ ӨҢІРІ" газетіне 1 жылдық
жазылу бағасы - 4414 теңге, 80
тиын және жарты жылға - 2207
теңге 40 тиын.

Газет индексі: **66750**

ДЕПУТАТТЫҚ ФРАКЦИЯ ОТЫРЫСЫ



Ақсу ауданы "AMANAT" партиясы аудандық филиалының мәжіліс залында депутаттық фракция отырысы өтті. Фракция жұмысын аудандық мәслихат депутаты, депутаттық фракция жетекшісі Уәлиев Талғат Сайлаубекұлы жүргізді.

Жиынға аудан әкімінің орынбасары Сабырбаев Амандос Ақышұлы, "AMANAT" партиясы филиалының төрағасы Жакупов Серікхан Амангелдіұлы, Жетісу облыстық мәслихат депутаты Ахмолдаев Данияр Тұрғанбекұлы, аудан депутаттары және мекеме басшылары қатысты.

Отырыста "AMANAT" партиясы Ақсу ауданы 2023 - 2027 жылдарға арналған Сайлауалды бағдарламасының Жол картасындағы 2023 жылғы көрсеткіштерінің орындалуы туралы есебі тыңдалды.

Жиын соңында Сайлауалды бағдарламаның 2023 жылы орындалмаған іс - шаралар анықталған жағдайда тиісті мекеме басшылары алдын - алуын қамтамасыз ету, атқарылған шаралар бұқаралық ақпарат құралы мен әлеуметтік желіде тұрақты түрде жарияланып отыру керектігі тапсырылды.

"ШОҢАЙ БАТЫР"

БАСТАУЫШ ПАРТИЯ ҰЙЫМЫНЫҢ ТӨРАЙЫМЫ САЙЛАНДЫ



Есмұрат Сиқымов атындағы орта мектебінде, "Шоңай батыр" БПҰ төрайымының сайлануына байланысты жиын өтті. Жиынға "AMANAT" партиясы Ақсу аудандық филиалының төрағасы Серікхан Амангелдіұлы, БПҰ-ның белсенді мүшелері және Е.Сиқымов мектебінің қызметкерлері қатысты. Жиынға қатысушы партия мүшелері және мектеп қызметкерлері ұсынылған кандидатты бірауыздан қолдап, дауыс берді. Ендігі кезекте "Шоңай батыр" БПҰ-ның төрайымы болып Нұрлыбекова Гүлжан Мейрамғалиқызы сайланды. Жиын барысында алдағы уақытта атқарылатын мәселелер қозғалды. "Шоңай батыр" бастауыш партия ұйымының төрайымы Гүлжан Мейрамғалиқызы партияластарына сенім білдіргендері үшін алғыс айтып, "AMANATҚА ҚИЯНАТ ЖАСАМА" - деп өзінің алдағы жұмысын тиянақты орындайтынына сенім білдірді.

"АРДАГЕРЛЕРДІ АРДАҚТАЙЫҚ!" партиялық жобасы аясында



"АРДАГЕРЛЕРДІ АРДАҚТАЙЫҚ"

"Кедергісіз келешек" жобасы аясында Ақсу ауданы "AMANAT" партиясының Б.Сырттанов БПҰ мүмкіндігі шектеулі жандарға медициналық көмек көрсетті. Б.Сырттанов ауылдық амбулаториясының фельдшері Қалтаев Жасұлан мүмкіндігі шектеулі қарт кісілерге тегін медициналық көмектің қол жетімділігі мен сапасын арттыру мақсатында көшпелі қабылдау жүргізді.

Ауылдық клуб қызметкері, Б.Сырттанов БПҰ хатшысы Асылхан Мақпалдың ұйымдастыруымен ауыл жастары аулаларын қардан тазартты.

Арасан БПҰ, Ақсу аудандық мәслихат депутаты С.Смағұлов пен Арасан ауылдық амбулатория қызметкері А.Шарова, "Кедергісіз келешек" партиялық жобасы аясында тегін медициналық көмектің қол жетімділігі мен сапасын арттыру мақсатында көшпелі қабылдау жүргізді.

"Кедергісіз келешек" жобасы аясында Ақсу ауданы "AMANAT" партиясының Қаракөз БПҰ және Қарасу БПҰ мүмкіндігі шектеулі жандарға медициналық көмек

"КЕДЕРГІСІЗ КЕЛЕШЕК" жобасы аясында



көрсетуде. Кеңжыра ауылдық амбулаториясының фельдшері Тілеубайұлы Алмастың ұйымдастыруымен мүмкіндігі шектеулі қарт кісілерге тегін медициналық көмектің қол жетімділігі мен сапасын арттыру мақсатында көшпелі қабылдау жүргізілді. Қаракөз ауылының жастар нұсқаушысының ұйымдастыруында ауыл жастары ауласының қарын күреп, Ілияс Жансүгіров өлеңін оқып берді.

"ЖЕР АМАНАТЫ" партиялық жобасы аясында



"Аманат" партиясы Ақсу аудандық филиалының қоғамдық қабылдау бөлмесінде "Жер аманаты" партиялық жобасы аясында, аудандық жер қатынастар және ауылшаруашылық бөлімі басшысының орынбасары Қасымов Азамат Саятұлы аудан тұрғындарымен тақырыптық қабылдау өткізді. Шараға Жетісу облыстық мәслихат депутаты Ахмолдаев Данияр Тұрғанбекұлы қатысты. Жоба бойынша келген ауыл тұрғындарын толғандырған сұрақтарына жауап беріп, заң аясында жұмыс атқаратындықтарын жеткізді.

БАҒА ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ БОЙЫНША МОНИТОРИНГ ЖҰМЫСТАРЫ ЖҮРГІЗІЛДІ



Бүгін «AMANAT» партиясы Ақсу аудандық филиалы жанынан құрылған мониторинг тобы аудан орталығы Жансүгіров ауылында орналасқан бірқатар дүкендер, дәріханалар және АЗС бекеттеріне барып бағаның тұрақтылығына мониторинг жүргізді.

Осыған орай, мониторинг жұмыстары барысында азық - түлік бағасы, дәрі - дәрмек қаншалықты тұрақты және қолжетімді екені бақыланды.

Бағаның аудан бойынша тұрақты болуы керектігі және белгіленген шекті бағадан аспауы керектігі түсіндірілді.

Алдағы уақытта мониторинг жұмыстары өз жалғасын табатын болады.

Тұрғындар өтініштері тыңдалды



«AMANAT» партиясы Ақсу аудандық филиалының қоғамдық қабылдау бөлмесінде, Жетісу облыстық мәслихат депутаты Ахмолдаев Данияр Тұрғанбекұлы мен партия төрағасы Серікхан Амангелдіұлы тұрғындардың өтініштерін тыңдап, қабылдау өткізді. Қабылдауда Қаракөз ауылдық округінің тұрғындары медициналық қызметкердің қысқаруына байланысты мазалап жүрген сұрақтарын, Жансүгіров ауылдық округінің азаматшасы жер мәселелісі бойынша және субсидия туралы сұрағын қойды. Данияр Тұрғанбекұлы бұл мәселелердің шешілу жолдарын қарастырды.

Жәніел ЕСІЛҚЫЗЫ, "AMANAT" партиясы Ақсу аудандық филиалының консультанты.



«AMANAT» партиясы Ақсу аудандық филиалының қоғамдық қабылдау бөлмесінде, "Ардагерлерді ардақтайық!" партиялық жобасы аясында, Жетісу облыстық мәслихат депутаты Ахмолдаев Данияр Тұрғанбекұлы тұрғындардың өтініштерін тыңдап, қабылдау өткізді. Қабылдауда аудан тұрғындары үй, жер мәселесі бойынша сұрақтарын қойды. Аталған тақырыптар бойынша Данияр Тұрғанбекұлы заңнама аясында түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, кеңес берді.

АҚСУ АУДАНДЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

№16

31 қаңтар 2024 жыл

Жетісу облысы, Ақсу аудандық мәслихатының №5 бірмандаттық сайлау округі бойынша шығып қалған депутаттың орнына сайлау тағайындау және сайлауды әзірлеу мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың Күнтізбелік жоспарына бекіту туралы

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңының 14-бабының 2-3) тармақшасына, 101-бабының 1) тармағының 4) тармақшасына, 3-1 және 6-тармақтарына сәйкес Ақсу аудандық аумақтық сайлау комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ақсу аудандық мәслихатының бірмандаттық №5 сайлау округі бойынша шығып қалған депутаттың орнына сайлау 2024 жылғы 31 наурызға тағайындалсын.
2. Ақсу аудандық мәслихатының бірмандаттық №5 сайлау округі бойынша шығып қалған депутаттың орнына сайлауды әзірлеу мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың күнтізбелік жоспары осы Қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.
3. Осы қаулы Ақсу аудандық аумақтық сайлау комиссиясының интернет-ресурсында және аудандық «Ақсу өңірі» газетінде жариялансын.

Төраға
ХатшыС.ЖҰМАБЕКОВ
И.ЖҰМАГЕЛДИЕВА

АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ

Ақсу аудандық аумақтық сайлау комиссиясы

Орталығы: Жансүгіров ауылы, Желтоқсан көшесі, 5 "В", тел.: 8 72832 29102.
Комиссия төрағасы – Жұмабеков Сәкен Сепылғазыұлы
Комиссия төрағасының орынбасары – Байболов Берік Тұрлыұлы, комиссия хатшысы – Жұмагелдиева Индира Жұмагелдықызы
Комиссия мүшелері – Әділбаев Ерсултан Мұратұлы, Шарипова Зейнегүл Исатайқызы, Қойшыбаева Кеукер Нұртайқызы, Оразғалиева Сая Адбиқызы.

АҚСУ АУДАНЫНЫҢ №5 САЙЛАУ ОКРУГІНІҢ ШЕКАРАЛАРЫ

Округтік сайлау комиссиясының орналасқан жері: Қаракөз ауылы, Жамбыл көшесі, №19, «Жетісу облысы білім басқармасының Ақсу ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Бижарас Садырбайұлы атындағы орта мектебі, мектепке дейінгі шағын орталығымен» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.
Шекаралар: №12, №13, №14, №17, №18 сайлау учаскелері кіреді.

АҚСУ АУДАНЫНЫҢ №5 ОКРУГТІК САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ҚҰРАМЫ

Округтік сайлау комиссиясының орналасқан жері: Қаракөз ауылы, Жамбыл көшесі, №19, «Жетісу облысы білім басқармасының Ақсу ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Бижарас Садырбайұлы атындағы орта мектебі, мектепке дейінгі шағын орталығымен» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.
Шекаралар: №12, №13, №14, №17, №18 сайлау учаскелері кіреді.
Тел.: 8 (72832) 29695.

Комиссия төрағасы – Тасболатова Найля Менғалиқызы
Комиссия төрағасының орынбасары – Жандайбекова Лязат
Комиссия хатшысы – Балтабай Сауық Съезбекұлы
Комиссия мүшелері: Қасымбеков Сұртай Қабидолданұлы, Нұрлан Шернияз Нұрланұлы.

Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушылардың отбасының кедейлік шегі

Жетісу облысы бойынша 2024 жылдың I тоқсанына мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек отбасының кедейлік шегі 33 533 теңге мөлшерінде есептеу, бұл 47 904 теңге ең төменгі күнкөріс деңгейінің барлық мүшелеріне жан басына шаққандағы ең төменгі күнкөріс деңгейінің (70%) құрайды.

Ж.ЕРҒАЛИЕВ,

Ақсу ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің бас маманы.

Жылыту маусымындағы өрт қауіпсіздігінің ережелерін сақтау

Өрт – тілсіз жау. Оның салдарынан түрлі қайғылы жағдайлар орын алуға. Әсіресе, жылыту маусымында жеке тұрғын үй секторларында қатты отынмен жағылатын пештерді және электр жылытқыштарды қолдану кезінде өрт қауіпсіздік ережелерін сақтау аса маңызды. Пешті орнату және пайдалану кезінде өрт қауіпсіздігі талаптарының орындалуына баса назар аудару қажет. Өрттердің жиі шығу себептері пештің қатты қызуынан, қаланған кірпіштерде жарықтардың пайда болуынан, от тұтандыру үшін жанғыш және тез тұтанатын сұйықтықтарды пайдалану нәтижесінен, пеш ауызынан шоқтардың түсіп қалуынан орын алады. Пешпен жылытуда қауіпсіз және ұзақ пайдалану үшін, келесі талаптарды есте сақтаған жөн: пеш және басқа да жылыту құрылғылары тұтанғыш заттардан алысырақ орналастыруы тиіс, сондай-ақ, пеш алдындағы еденге, көлемі 0,5x0,7м. қаңылтыр оралып тұруы қажет. Жанып тұрған пешті бақылаусыз қалдырғаннан жиі өрттер болады. Қатты аяздарда пешті ұзақ пайдалану, оның жекелеген бөліктерінің қатты қызып кетуіне әкеп соқтырады. Егер осы қатты қызып кеткен бөліктері ағаш қабырғалар немесе жиһаздарға тиіп тұрса, өрттен қашып құтылу мүмкін емес. Сондықтан пешті күніне 2-3 рет, 1-1,5 сағаттан гана жағу ұсынылады. Пешке жақын және тікелей оның

үстінде, тұтанғыш мүліктер мен материалдарды сақтауға, киім кептіруге болмайды. Жылыту маусымы алдында, пештерді және түтін тарту жолдары жағдайының дұрыстығын тексеріп, ыстан тазалап, жарықтары болса, құм-саз сылағын жүргізіп, түтін мұржаларын әктеген жөн. Бөлме пештерінің түтін жолдарына жиналатын күйелерді, үш ай сайын тазалап тұрған жөн. Температураның төмендеуіне байланысты, электр жылытқыш құрылғыларын қосу көбейе бастайды, тиісінше электр желісіне күш түседі. Жиі пайдалану салдарынан табиғи ескіруден, жоғары қуатта қолданылған электр желісінің қысқа тұйықталуы, өрттің шығуына әкелуі мүмкін. Сондықтан да өзіміздің және жақындарымыздың қауіпсіздігі үшін барлық талаптарды сақтау қажеттісіз. Ең бастысы балаларды қараусыз қалдырмауларыңызды, қауіпсіздік ережелерін үнемі олардың естеріне салуларыңызды, төтенше жағдай орын алған кезде «101», «112» шұғыл қызметтердің телефон нөмірлерін жаттатуларыңызды сұранамыз. Қателіктер қайталанып, өкініштен бармақ тістемейік десе, өрт қауіпсіздігі ережелерін бұлжытпай орындауға ықыласты болғанымыз жөн.

Талғат ЗЕЙНОЛДАНОВ,
Ақсу ауданының ТЖБ бас маманы, азаматтық қорғау майоры.

ПОСТАНОВЛЕНИЕ АКСУСКОЙ РАЙОННОЙ ТЕРРИТОРИАЛЬНОЙ ИЗБИРАТЕЛЬНОЙ КОМИССИИ

№16

31 января 2024 год

О назначении выборов депутата Аксуского районного маслихата области Жетісу по одномандатному избирательному округу №5 вместо выбывшего и утверждении Календарного плана основных мероприятий по подготовке и проведению выборов

В соответствии с подпунктом 2-3) статьи 14, подпунктом 4) пункта 1, пунктами 3-1 и 6 статьи 101 Конституционного закона Республики Казахстан от 28 сентября 1995 года «О выборах в Республике Казахстан» Аксуская районная территориальная избирательная комиссия области Жетісу **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

1. Назначить выборов депутата Аксуского районного маслихата по одномандатному избирательному округу №5 вместо выбывшего на 31 марта 2024 года.
2. Утвердить Календарный план основных мероприятий по подготовке и проведению выборов депутата Аксуского районного маслихата по одномандатному по избирательному округу №5 вместо выбывшего, согласно приложению к настоящему постановлению.
3. Разместить настоящее постановление интернет ресурсе Аксуской районной территориальной избирательной комиссии и опубликовать в районной газете «Ақсу өңірі».

Председатель
СекретарьС. ЖҰМАБЕКОВ
И. ЖҰМАГЕЛДИЕВА

ТЕРРИТОРИАЛЬНАЯ ИЗБИРАТЕЛЬНАЯ КОМИССИЯ

Аксуская районная территориальная избирательная комиссия

Центр: село Жансүгуров, улица Желтоқсан, 5 "В", тел.: 8 72832 29102.
Председатель комиссии – Жұмабеков Сәкен Сейпылғазыұлы
Заместитель председателя комиссии – Байболов Берік Турлыевич Секретарь комиссии – Жұмагелдиева Индира Жұмагелдықызы
Члены комиссии – Әділбаев Ерсултан Мұратұлы, Шарипова Зейнегүл Исатаевна, Койшыбаева Кеукер Нуртаевна, Оразғалиева Сая Адбиевна.

ГРАНИЦЫ ОКРУЖНЫХ ИЗБИРАТЕЛЬНЫХ УЧАСТКОВ ИЗБИРАТЕЛЬНЫЙ ОКРУГ №5

Местонахождение окружной избирательной комиссии: село Каракоз, улица Жамбыла №19, Коммунальное государственное учреждение «Средняя школа имени Бижараса Садырбая с дошкольным мини-центром» государственного учреждения «Отдел образования по Аксускому району Управления образования области Жетісу».
Границы: входят избирательные участки №12, №13, №14, №17, №18.

ОКРУЖНАЯ ИЗБИРАТЕЛЬНАЯ КОМИССИЯ ИЗБИРАТЕЛЬНЫЙ ОКРУГ №5

Местонахождение окружной избирательной комиссии: село Каракоз, улица Жамбыла №19, коммунальное государственное учреждение «Средняя школа имени Бижараса Садырбая с дошкольным мини-центром» государственного учреждения «Отдел образования по Аксускому району Управления образования области Жетісу».
Границы: входят избирательные участки №12, №13, №14, №17, №18.
Тел.: 8 (72832) 29695.

Председатель комиссии – Тасболатова Найля Менғалиевна
Заместитель председателя комиссии – Жандайбекова Лязат
Секретарь комиссии – Наурызбаева Индира Касымжановна
Члены комиссии: Касымбеков Суртай Кабидолданович, Нурлан Шернияз Нурланұлы.

Мақалаға арқау болып отырған «Қапал – Арасан тұқымбағы» былтыр «Жоңғар орман шаруашылығы» болатын. Үш жыл бұрын шаруашылыққа жаңадан Сабырбеков Үсен Медеубекұлы деген директор келді. Сол директордың арқасында «Жоңғарды» алып тастап, шаруашылық «Қапал орман шаруашылығы» атанды. Арасан тұқымбағы Арасан ауылы мен Суықсай ауылының ортасына орналасқан 20 гектар алқапты алып жатыр. Жаңадан кардон салынды. Жаңа үлгідегідей еврожөндеу жасалды. 20 гектар алқап арнайы тор қоршаумен қоршалды. Тұқымбақта қарағай, шырша, терек, қайың, қарағаш, алма ағаштары, басқа әр түрлі көшеттер егіледі. Тұқымнан да өсіреміз.

Тұқымбақтағы жұмыс көшеттерді өсіріп, баптап, халық игілігіне жұмсау. Тұқымды сапасына қарай егіп, өнім шығару. Бізден әр ауданнан, жер – жерден келіп көшеттер сатып алады. Мысалы, былтыр Алакөлден, Үштөбеден, Алматыдан, Түркістаннан келіп көшеттер алды. Сатқан көшеттердің ақшасы шаруашылық қорына түседі.

Тұқымбақта жаз айларында жұмыс көп болады. Қапалдан және ауылдағы орман күтушілер көмекке келеді. Сәуір айынан бастап маусымдық жұмысқа жұмысшылар аламыз. Алты айға. Олардың жұмыстары көшеттерді арам шөптен тазарту және суғару. Өрт қауіпсіздігін қадағалау.

ҚАПАЛ – АРАСАН ТҰҚЫМБАҒЫ



Жұмыс барысында әсіресе, орманшы Қожабеков Ерлан және бас инженер Ақсамбаев Ертай, орман шебері Құтбаев Айдындардың еңбегі зор. Олардың міндеттері – еккен тұқымды қай жерге егу керектігін анықтау, оны қадағалау, шығысын тексеру, алма ағаштардың көшеттерін будандастыру және маусымдық жұмысшылардың техникалық қауіпсіздігін қадағалау. Қыста да жұмыс тоқтамайды. Қарағай, шырша, қайың қазамыз. Себебі, топырағымен алады. Қыстағы топырақ қатып, үгітілмейді. Қыста көшеттерді кеміргіш тышқан, қояннан қорғаймыз. Міне, осылай орман күтушінің күндегі жұмысы жалғаса береді.

Асхат СЕЙІТҚОЖАНОВ,
орман күтушісі.

Ұстаз болып өмір жолын бастадым, Ақ қағазға сырын төкті жас жаным. Бар арманым Отан үшін тер төгу, Сол үшін де қиындықтан қашпадым. Барлық мамандықтың өзіндік ауыртпалығы бар екені рас, бірақ мұғалім болу бәрінен қиын. Өйткені, ол адам тағдырына жауапты. Кез - келген адам белең ойды желкенін көтерген сәтінен бастап, өзінің саналы ғұмырының негізін мектепте қалайды. Болашақтан болашаққа, балалықтан даналыққа дейінгі аралықта өз бастауын мұғалімнен алады.

Бір-бір үйдің еркесін қолынан ұстап, маңдайынан сипап, бауырына қысып, оларға шеті мен шегі көрінбейтін білім атты дарияның алғашқы тамшысынан дәм татқызып, уақыт өткен сайын оның тереңіндегі небір асыл маржандарын тергізіп, рухани ләззатқа бөлейтін мұғалімді тіршіліктің күре тамыры десе де болады.

Мұғалімдік – мамандық атаулының бастауы. Мейлі ой, мейлі дене еңбегімен айналысатындардың қайсысы болса да өзінің бағындырған биіктігінің алғашқы баспалдығын мұғалімнің көмегімен аттап, білім шыңына да мұғалімнің көмегімен көтерілетіні ақиқат. Өркімнің жарық



ҰСТАЗДАН ШӘКІРТ ӨЗСА...

дүниеге келіп, саналы өмір сүруінде алдымен Алланың содан кейін Анасының, үшінші болып мұғалім есігін аттайтыны тектен-тек емес.

Балалықтың бал дәурені кезімнен хат танып, жақсы мен жаманды айыра бастаған кезімнен бастап-ақ осы бір құрметті де құдіретті мамандық иелері мұғалімдеріне деген шексіз сүйіспеншілігінің ояңғанын білемін.

Сол кездегі мұғалімдеріміздің керемет ғажайып десем де болар ерекшеліктері: ешбір артық көрнекіліксіз-ақ тек тақпамен, бормен жұмыс жасап, біздің әрқайсымыздың санамызға білім нәрін сіңіре білуінде еді.

Ойлап, таразылап қарасам, шәкірттердің де білуге, үйренуге, білімге деген ынта, ниеті де басқаша болғаны шындық. Мектептегі шағын кітапхананың алдына кітап алып оқу үшін жиналатын едік. Кітапханадан кітап алып оқымайтын, оны үзіліс кезінде, сабақтан бос кезімде талқылауға қатыспайтын сыныптастарымыз некен-саяқ болатын.

Осындай әр шәкірттің білімге, оқуға деген құштарлығын оятқан мұғалімдеріміздің еңбегі екені айдан анық.

География пәні мұғалімі Сәулет Сейдахметқызы тәтейіміз картамен жаңа сабақты түсіндіре бастағанда сыныпта шыбынның ызыңы естілетіндей тыныштық орнайтын. Әрқайсымыз мұғалімнің картадан көрсеткен қалаларына ойша саяхаттап, әлемді шарлап кетсек, математика пәнін Күлембаев Қанат ағайымыз нақты тез ойлана отырып шешуге дағдыландыратыны есімізде. Орыс тілін меңгеруге, оны сүйеге Райхан Рахымбекқызы Османбекова баулыды. Тарих пәнінің қызықты да ғажайыпқа толы құпияларын, құлаққа жағымды жұмсақ даусымен, шәкірт сезімін өзіне тарта білген Ханя Ахунжанованы ешқашан ұмытқан емеспіз.

Осылай әр ұстазымыз біздің пәнге деген қызығушылығымызды оята отырып, осы құдіретті мамандықты таңдауымызға себеп болды. Орта мектепті 18 оқушы бітірсек, соның 12-сі ұстаздық мамандықты қалаппыз. Демек, таңдауымызға бірден - бір ықпал еткен, осы қасиетті мамандықты өмір бойы сүйіп өтуімізге негіз болған ұстаздарымыз екені анық. Сондай-ақ, сол кездегі қариялардың балаларға тілер тілегі – бабасы «мұғалім бол», - еді ғой. Санамызға терең ұялаған бұл ұлы сөз – аталар тілегі – біздің арманымызға ұласқаны сөзсіз.

Балауса балалық шағымнан армандаған мамандыққа да қолым жетті. Биік деңгейдегі білімді де, халқыма пайдалы мұғалім болуды көксеп, үш дипломға ие болдым. Иә, бір оқыған, бітірген оқуым, екіншісін толықтырды, тереңдетті.

Жарты ғасырлық еңбек жолымда бірнеше жүздеген шәкіртке алғаш әліппенің бетін ашқызып, әріп таныттым. Өмірдің қыр-сырын білуге, өмірде кездесетін сан қилы құбылыстарды терең түсінуге мұрындық болдым, әр шәкіртімің жан дүниесіне нұрлы шуақ түсіруге, жандарына білім дәнін себуге тырыстым. Тілге деген сүйіспеншілігін ояттым. Өмір атты шексіз ғаламға топшыларын қатайтып ұшырдым десем артық айтқаным емес. Туа біткен қабілеттерін өнерге деген сүйіспеншіліктерін дамыттым.

Қазіргі таңда шәкірттерім еліміздің түпкір-түпкірінде жоғарғы білім алып, әр түрлі салада еңбек етуде. Тіпті шетел асып білімдерін тереңдетіп жүргендері, еңбек етуде де басқа елде жалғастырып жүргендері қаншама десеңші!

«Шәкіртсіз ұстаз тұл», - деген сөз тегін айтылмаса керек.

Шәкірттерім өздерімен өмір жолым жалғасады Қуанышты бақытты күндер туады алда әлі

Өмірлеріңе ақ жол тілеген шашу батам Бүгін тек сендерге арналады – деп шәкірттерімің бүгінгі өмір өріне шыққан биіктіктеріне, жетістіктеріне тоқталмақпын. Жылдар жылжып, айлар айналып өтсе де, олардың балалық қылықтары, еркеліктері, бала армандары дәл бүгінгідей есімде қалыпты, жазған арман-өлең шумақтары сақталыпты.

Ашық тәрбие сағаттарында, сабақтан тыс үйірмелерде өздері құрастырған (поэзия бастауы десем де болар) өлең шумақтарында арман – мақсаттары жазылған. Ең бастысы сол бір балалық арманның қазіргі таңда іске асуы жанымды жадыратады, шексіз қуанышқа бөлейді.

1. Кенжегүл Шынгозова: Мен Кенжегүл шет тілін жақсы оқимын.

Үйде кейде шұлық та тоқимын. Өскенде аудармашы боламын. Осы мақсатымды бірінші жолға қоямын... (Қазіргі таңда Аудармашы)

2. Елдар Мұхамедшаров: Аспан әлемін шарлаймын Жақсы болып шекараны қорғаймын Жұмыс оқып оқуды Армандымды орындамай қоймаймын... (Эйр Астанада қызметкер)

3. Асқарова Амина Қайратқызы: Амина менің атым Ұнатамын қазақ салтын Армандым бар өмірде Медаль алу алтын (Алтын медаль иегері)

4. Жанғұлова Нұржібек: Мен өскенімде сот боламын Жанып тұрған от боламын Ұрыларды, бұзақыны ұстап Тез орнына қоямын (Прокуратура қызметкері)

5. Тектібаев Болат: Өкем «жақсы оқып бастық бол» деді Тіпті тексеріп сабағым да келді Сол сөзі миыма тез енді Анам бастық болатыныма сенді. (Әкімшілік қызметкері)

6. Балауса Қайратова: Білім қуып мен өтемін деймін,

Жетісуға атағын жебер деймін. Тоғызқұмалақтан облыста озып шығып, Республикалық жарыста чемпион боламын деймін.

(Тоғызқұмалақтан спорт шебері)

7. Қаулыбек Айзада: Сымбатты жарық нұрдан жаратылған Жарқылдап жақсылыққа ара тұрған Мен Айзада 4-"а"-ның маңдайындағы жұлдызымын

Жансүгір ауылында дара туған. (Әкімшілік қызметкері)

8. Баймурзаева Аида (немерем): Апашым қарыздармын өзіңе, Құрметпенен зейін саламын әр сөзіңе. Маған үміт артқаныңды сеземін, Еңбегіңді ақтау үшін білім жолын кеземін.

(Астана, мұғалім)

9. Елубаева Арда: Мен әнші, өртіс болуды қалаймын Тез өсу үшін күнімді санаймын Кейін танымал Арда болсам деп Армандаймын, ойлаймын. (Ақсу театры директоры)

10. Дауырова Мадина: Жазиралы Ақсуымдай жерімнің Ерке өскен бір қызымын елімнің Закира апайымдай атақты Ұстаз боламын, ақтаймын апай сенімін (Ұстаз)

11. Абдрахманова Айман: Ер жетемін, өсемін Білім іздеп қалаға кетемін Заңгер болып Арманыма жетемін (Прокуратура қызметкері)

12. Ахмолдаев Әскербек: Мен әскерге барамын Сол жерде қаламын Әскери атақ алып Жұлдыздай жанамын (Әскери қызметкер)

13. Жеңісгүл Байғожина: Мен сатушы болсам Дүкен ішін көмпитке толтырып қайтсам Ақшаны көп тауып, анама беріп Өзім балмұздаққа тойсам... (Кәсіпкер)

14. Қайрат Жанатбеков: Мен үлкен дүкен ашамын Ақшаны көп тауып Сандыққа басамын Апайым 90-ға толғанда Ақшадан шашу шашамын (Кәсіпкер)

15. Арсен Бегалы: Менің супер апам бар Дания атты, Пісірген пирожный, тоқашы тым тәтті. Біздің оқуымызға, тәртібімізге қарайды қатты.

Кеше ойнауға жібермегені жаным батты, Апамның өзі үндемей теріс қарап жатты.

(Инженер)

16. Төлеубек Дина: А) Руым Қайнар Динамын Үлкендерді сыйлаймын Апам менен анамды Асырау үшін туғанмын Анам жолын қумаймын Назгүл көкемдей ұстаз болуды қолдаймын,

Ә) Закира апай ұстазым Қолынан тәлім ұстадым Білім алған балалар Биікке көрдім ұшқанын Ұстаз боламын апайдай Бұл менің нақты ұстаным. (Мұғалім)

17. Әділет Қизатов: Жақсы оқып ер жетіп, Мен кәсіпкер боламын. Дүкен ашып базардан Арзан баға қоямын. (Кәсіпкер)

18. Ахмолдаев Данияр: А) Мен Закира апайымдай мұғалім боламын

Басқа мамандық иесі болмаймын Үлкен бір мектепке директор боламын Армандымды орындамай қоймаймын Ә) Өскенде мұғалім қызды таңдаймын Алыста болса үш бу хат жолдаймын Барлық жағдайын жасап Әр кез өмірде оны қолдаймын. (Мектеп директоры, жолдасы Аида мұғалім)

19. Маржан Төлеуова: Өке-шешем мұғалім Жалақылар аз санадым Сондықтан мен бас есепші болуды қаладым

Ақшаның қайда көп екенін байқадым. (Бас есепші ТОО)

20. Шолпан Мырзабекова: Математиканы жақсы көремін, оқудамын

Есеп шотпен жұмыс істеп, үйреніп Банк қызметкері болуды Күнделікті миыма тоқудамын (Kaspi Bank менеджері)

«Бала тілі бал, өсіп келе жатқан ол тал», - дегендей сол бала армандарының бүгінгі күнде іске асып жатқанын да аңғаруға болады.

О, Алла! Келешекте кім болатынын алдын-ала болжап қойғандай өлең шумақтарын құрастырғандарына таң қаламын! Ауыздарына, саналарына Алла ертерек салған ғой! Қуанамын, осындай ақылды да саналы шәкірттер тәрбиелегеніме өзіме өзім ризамын.

Шындығында да әр шәкірттерімің өзіндік ерекшеліктері, маңайдағы басқа замандастарынан өзгеше биіктіктері, білімге, білуге, өнерге деген құштарлықтары айқын сезілетін, оны үлкендер де мойындайтын.


Мен ұстазбын миллион шәкірт өсірген Еркелігін, қателігін сол кезде-ақ кешірген

Кетсең-дағы арман қуып қиялға Сол бір сәби күнің кетпек емес мәңгі есімнен

Айналайын шәкірттерім! Әрқайсыларың түрлі мамандық иесі болып, жанұялы, балалы-шағалысыңдар. Кешегі балауса жас қайың, бүгінде бәйтерекке айналдыңдар.


Закира НҰРЫШҚЫЗЫ, ҚР Оқу ісі үздігі, методист - мұғалім, "Ы.Алтынсарин" төсбелгі иегері, еңбек ардагері, зейнеткер-ұстаз.

(Жалғасы бар).



БИЫЛ ИЛИЯС ЖАНСҮГІРОВТЫҢ ТУҒАНЫНА – 130 ЖЫЛ!

Илияс Жансүгіровтың фельетондары мен сықақ әңгімелері



тіркей бере ме еді. Мұның өзі Қамысбаевтың қоразша қоқиланған мінезін оқырманға анықтай түсіп, жұрттың еріксіз күлкісін келтіреді.

Бұдан әрі Қамысбаев біреу түсінсе де, көпшілік түсіне қоймайтын, тіпті өзі де сол айтып тұрғанын шала білетін баяндамасын соға береді. Жұрттың көкейіндегі нәрседен аулақ, өмірге жанасымсыз баяндаманы сыпыртып шыққанын өзі сезбейді. Жұртқа ауызша сұрау бергізбейді. Жазба сұрақты жұрт бермейді. Сонымен ауызша сұрауға рұқсат етіп, көбейіп бара жатқан соң өзі тоқтатып, ұсыныс енгізеді. Өзі қарап оқиды, өзі оны қабылдайды.

Біріншіден, фельетон сауатты зиялы адамдарға арналып жазылған. Өйткені, Қамысбаевтың сөзінің қазақша дұрыс болмауының себебі неде екенін газеттің мындаған қалың оқырманы отызыншы жылдары біле бере ме, оның сөзінің дұрыс болмау қойыртылғанын орысша сөзді мағынасына қарамай, тура аударып алуынан болып отыр ғой. Мысалы, қаулының жалпы дұрыс еместігін былай қойғанда үшінші тармақтағы «соғысқа дейінгі тегістік бейне» деген сөз «на уровне» деген орыс сөзінің сөзбе-сөз аудармасы. Өрине, фельетонист оны орынды, дұрыс алып отыр. Егер оқырманымыз әбден сауатты болса бұл түсінуге жақсы-ақ. Сонда да бұл жалпы сол кездегі газет оқырманына түсініксіз қалады.

Екіншіден, қарадан оқырман Қасымбаевтың не айтқысы келгенін түсініп отыруға тиіс. Оның күлкі болып шығуының өзі де сонда. «Байлар дүниесінің, капитализмнің стабелізациясы уақытша тоңазып тұр» дегендегі «стабелізацияның» не екенін оқырман білмесе, онда бқ тағы күлкі туғызбайды. Ал осыған адамдар оны «өріне біледі, түсінеді. Олар үшін фельетон әбден түсінікті» деп айтады.

Үшіншіден, газет оқырманына осы фельетонның неге жазылып отырғанын түсіндіре кету керек болады. Өкелінген келі мен кілт, ұзын сонар баяндама, сала құлаш қаулы, қойыртылған сөз Қасымбаевтың мінезінен болып отырғанын, оның іске зияннан басқа пайдасы жоғын ашып айту керек еді. Содан соң осы фельетонның аты аса дұрыс қойылмаған. «Сөз Қасымбаевқа» деген қазақша емес. Мұны «Сөз Қасымбаевтікі» десе, әрі кекетінді, әрі лепті келіп, оны сықақтап отырғаны бірден көрініп тұрар еді.

Колхоздастыру кезіндегі асыра сілтеу, шолақ, саяси шикі белсенділердің өрескел қылықтары, соңында қалың жұртты аштыққа апарған кезеңді ақын бүкпесіз ашық жырлайды.

**Нарима СМАҒҰЛ,
І.Жансүгіров әдеби музейінің аға ғылыми қызметкері.**

Құрметті ақсулықтар! Барлықтарыңызды келген Жаңа жылдарыңызбен құттықтаймын! Ақсуда алтын бесімізге тербеліп, суына шомылып, шаңын жұтып, мәдениет саласында еңбек еткен, алдыларына жан салмаған небір жазушылар, ақындар, әншілер шыққан елімізді, жерімізді, қалай еске алмасқа. «Ағынды менің Ақсуым», – деп жырлаған Илияс Жансүгіров, Қуат Терібаев – деген ақындар туған.

Мәдениет саласын басқарған Назарбек Әмірғалиев, Дәмен Шаймерденова, Жәрдембек Тастағамбетов, Сағынбек Рахышев, Бағила Танысбаева -



ардагерлерімізді қалай еске алмасқа.

Тағы айта кетерім, өскен жерім, қызмет еткен ауылым Қызылтаң савхозы. 1960 жылдары өнерпаздарымыз "Қыз Жібек" пьесасын сахнаға шығарып, аударма і орынды алып келді. Ол кезде жұмыс ауыр, бос жүрген жастарды көрмейсіз, ауданға бара жатқанда, жүк машинаның үстінде ауданға жеткенше дайындалады. Осындай ауылдастарым өнерімен, халқымыздың есінде.

Ауданымыз «А» әріпімен басталады, сондықтан облысымызда әрқашан да шырайлы өңірдің ауылшаруашылығы

ӨТКЕНДІ ЕСКЕ АЛУ

деген тәтеміз болды. Дәмен тәтеміз сахнаның сөнін келтіріп, аспаптарды дайындап, жастарды әнге, қыздарды биге дайындайтын. Назарбек Әмірғалиев аға «Ақсу вальсі» деген өлеңнің өнін шығарып, сахнада хормен, бимен орындалатын еді.

1958 жылы Қазақстанның 40 жылдығына арналған фестиваль өтті. Сол фестивалда Ақсудың өнерпаздары 1-орын алып келген.

Будан кейінгі ұрпақтарға тоқтала кетсем, осы фес-

тивальды Болат пен Санат «Ақсудың Ғабдулдиндері» атағын алып келді. Ендігі кезекте ақындарымыз Құрақбаев Түлкібек, Қанипа, Жамау – бұл дарынды, арынды ақындарын еліміз әрқашан да естерінде сақтайды.

Өнерпаздарымыз бен әншілеріміз орындайтын Ақсу туралы әндерін айтып кетейін: «Ақсу әні» әні Егінбаевтікі, сөзі Омархановтікі, «Ақсудан ұшқан ақулар» әні Қ.Мухашевтікі. Осындай өнерлі ақын, әнші

мен мал шаруашылығының өнімдерін өндіруде және өнер адамдарының еңбектері бағаланып, Ақсу ауданы облыста әрқашанда I орынның иесі болсын, – деп ауылдастарыммен бірге тілек білдіремін. Келер ұрпақтарымыз осы өткенді еске алып, ауданымызды алдыңғы қатарда көруге еңбектенеді деп сенеміз, еңбектеріңіз жемісті болсын.

Нұршакен ДІЛДӘБЕКОВА.

АРДАГЕР – АГРОНОМ ШАЙҒАМБАР ЖАСЫНДА



Ардагер – агроном Есенов Есқали Молдағалиұлы 40 жылдан астам уақыт ауылшаруашылық саласында қызмет жасап, осы саладан зейнеткерлікке шықты. Аудан әкімдігінің аппарат жиыны алдында аудан әкімі Тынышбаев Берік Тынышбайұлы арнайы құттықтап, "Алғыс хатын" табыстап, арқасына шапан жапты. Жиын аяқталғаннан кейін аудан әкімінің ауылшаруашылығы саласы бойынша орынбасары Есжанов Ғазиз Отарбайұлы арнайы қабылдап, әріптестері құрметпен тағы да шапан кигізді. Есқали Молдағалиұлы Ақсу ауданы, Қызылту ауылында 1961 жылы 20 қаңтарда дүниеге келген. Ғани Мұратбаев атындағы орта мектепті 1978 жылы тәмамдап, осы жылы Қаз.ССР ауылшаруашылық Министрлігінің Көксу ауылшаруашылық техникумына кіріп, аталған техникумның

толық курсына агроном мамандығы бойынша 1981 жылы бітіріп, Қызылту қызылша совхозында №1-ші бөлімшеге агроном қызметіне қабылданды, 1981 – 1983 жылдар аралығында Совет Армиясы қатарында қызмет атқарды. 1983 жылы Қызылту ауылында №2 бөлімшеге агроном қызметіне қабылданып, 1986 жылы Ақсу ауданының РҚ ЛКСМ ұйымдастыру бөлімінің орынбасары қызметіне ауысу тәртібімен тағайындалды, 1988 – 1989 жыл аралығында ауданның ауылшаруашылық өсімдік қорғау мекемесінің аға агрономы болып қызметін атқарды. 1989



жетекшілік етті. 2000 жылдан ҚР Ауылшаруашылық Министрлігінің Ақсу аудандық



жылы Қызылту қант қызылша совхозының Кәсіподақ өндірістік ауылшаруашылық жұмысшылар кешенінің төрағасы қызметіне сайланды. 1997 жылдан 2000 жыл аралығында Қызылту ауылында «Бес - Бай» шаруа қожалығына

аумақтық инспекциясының тұқым инспекторы қызметіне тағайындалды. 2006 – 2009 жылдар аралығында аудан әкімі аппаратында жалпы бөлімнің басшысы қызметіне ауысу тәртібімен тағайындалды. 2009 жылы Жансүгіров поселкелік округі әкімі аппаратының бас маман іс - жүргізушісі қызметіне ауысу тәртібімен тағайындалды. 2014 жылдан – 2024 жылдар аралығында Ақсу ауданының ауылшаруашылығы мен жер қатынастар бөлімінің (сектор меңгерушісі) бас маман қызметін атқарды. 2023 жылы ҚР Президентінің «Ерен Еңбегі үшін» медалімен марапатталды. Есенов Есқали Молдағалиұлы өз мамандығын жоғары дәрежеде меңгерген, қажырлы еңбегімен, өзіне тән жеке қасиеттерімен әріптестеріне, жастарға үлгі бола білген, жан жақты ұлағатты тәлімгер, еліміздің болашағына қосқан еңбек үлесі орасан зор.



Ербол СЫМХАНОВ.

Жемқорлыққа жол жоқ!

Сыбайлас жемқорлық - заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел дамушы елдердегідей біздің жас мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық паракорлық дертімен жиі бетпел келеді. Сондықтан кез - келген ортада пара беру мен паралудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет.

Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар және осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтарға бой алдыруының себебі көп. Оған ең алдымен қызметшілердің білім деңгейінің, әдептілік ұстанымының төмен болуы әсер ететін болса керек. Кей мемлекеттік қызметшілердің құқық бұзушылыққа немқұрайлық танытуы, кәсіби әдептілігінің жетіспеуі де, жеке басының қамын ойлауы да паракорлықтың дендеуіне септігін тигізуде. Сондай-ақ, кейбір мемлекеттік орган басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң талаптарын атқаруда ынта танытпай, жұмыс жүргізбеуі де жемқорлықтың тамырын тереңдеті түседі.

Паракорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне нұқсан келтіреді, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңына сәйкес, сыбайлас жемқорлықпен күресті барлық мемлекеттік органдар



мен онда қызмет атқаратын лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс. Мемлекеттік органдардың ұжымдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары өз өкілеттігі шегінде кадр, бақылау, заңгерлік және өзге де қызметтерін тарта отырып, заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге міндетті.

Әрине, сыбайлас жемқорлық дәрі беріп емдейтін сырқат емес. Айналасындағы салауатты, таза және сау ортаны шарпып, тыныс-тіршілігін тарылтатын, заңсыз әрекеттермен қоғамдық ортаның және мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, дара кәсіпкерлердің, азаматтардың қызмет етуіне қатер төндіретін қауіпті дертті болдырмаудың тетігі халықтың өзінде. Бұл дерттің алдын алып, қоғамға таралу жолдарын кесіп, оның ұлғаюына жол бермеу керек. Ол үшін аталған дертке болып атсалысып, қарсы жұмылуымыз қажет. Сонда ғана ел мүддесі үшін зор үлес қосатынымыз және халық сенімінен шығатынымыз анық.

Сыбайлас жемқорлық әрекеттері бойынша тиісті шара қолданудың негізі - ол азаматтардың арыс-шағымы. Мемлекетіміздің әрбір азаматы Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті.

И.ОҒАЛБЕКОВА,
мемлекеттік ветеринариялық санитариялық инспекторы.

ТЕРРОРИЗМ - адамзатқа төнген қауіп

Терроризм саяси - әлеуметтік құбылыс ретінде кез келген уақытта орын алып жататыны белгілі. Терроризм - бейбіт адамдар мен түрлі нысандарға қарсы саяси мақсатты көздеген түрлі топтар мен астыртын әрекет ететін агенттердің қоғамның көңіл-күйіне ықпал ету ойымен күш қолдануы болып табылады. "Террор" сөзінің мағынасы латын тілінен аударғанда - үрей, қорқыныш деген мағынаны білдіреді. Сондықтан мұның табиғаты күрделі, тарихы тереңде жатқан құбылыс.

Террористік тұрғыдан осал объектілер - аса маңызды мемлекеттік, стратегиялық объектілер және стратегиялық маңызы бар экономика салаларының объектілері, қауіпті өндірістік объектілер, адамдар көп жиналатын объектілер яғни, сауда алаңы, қоғамдық тамақтану объектілері, концерт залдары, спорт, ойын-сауық, көлік және өзге де көпшілік ғимараттары, білім беру және денсаулық сақтау ұйымдары, туристерді орналастыру орындары. Жалпы, қоғамда терроризм мен экстремизмге қарсы жағымсыз көзқарас қалыптастырудың маңызы өте зор. Бізде көп жағдайда жастардың саяси сауаттылығын арттыру тек ғаламтор жүйесіндегі ақпараттармен ғана шектеліп жатады. Сонымен қатар, олармен қалай күресу керектігі туралы мәліметтер, түсіндірме жұмыстары тұрақты түрде жүргізілуі керек.

Терроризм - татулық пен бейбітшілікті негіз еткен мемлекетті күйретуге ықпал ететін бірден-бір жаһандық мәселе. Қазіргі таңда терроризм адамзатқа төнетін шынайы қауіп, күш қолдану арқылы халықты үрейлендіріп, жеке адамға, қоғам мен мемлекетке зиянын тигізу немесе

адамзатқа төнген қауіп



өзге де қылмыстық әрекеттерді жасау немесе жасаймын деп үрейлендіру арқылы мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару ұйымдарының немесе халықаралық ұйымдардың шешім қабылдауына әсер ету тәжірибесі. Терроризм актісіне - айтарлықтай мүлктік залал келтіру, адамдардың өміріне қауіп төндіру, қоғамға қауіпті өзге де іс-әрекеттер арқылы жарылыс жасау, өрт қою немесе өзге де қауіпті іс-әрекеттер жасау жатады.

Сонымен қатар бұл іс - әрекеттер халықты үрейлендіру немесе қоғамдық қауіпсіздікті бұзу не Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының, халықаралық ұйымдардың, шет мемлекеттердің шешімдер қабылдауына әсер ету мақсатында жасалатын қауіпті құбылыс. Терроризммен күрес күн тәртібіндегі өзекті мәселелердің бірі. Бір ғана адам немесе топ қана айналысатын дүние емес, қоғам болып атсалысатын күрделі мәселе.

Өскекең жас ұрпаққа рухани тәрбие беріп, діни сауатын ашып, дәстүрлі дінімізбен сусындатып, ұлттық құндылықтарды бойларына сіңдіре алып қана түбегейлі терроризмнің де тамырына балта шаба аламыз.

Халида БАЙБОСЫНОВА,
Ақсу ауылдық мәдениет үйінің әдіскері.

ҚҰҚЫҚТЫҚ СТАТУСТИКА ОРГАНДАРЫМЕН КӨРСЕТІЛЕТІН МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ АЛУ ТӘРТІБІНДЕГІ ОҢ ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗІЛГЕНІН ХАБАРЛАЙДЫ

Құқықтық статистика органдарымен мемлекеттік қызметтің 3 түрі көрсетіледі: соттылықтың болуы туралы анықтама, мұрағаттық анықтама және прокуратура органдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою туралы анықтама беру.

Мемлекет Басшысының мемлекеттік қызметті электрондық форматқа көшіру бойынша тапсырмасын іске асыру шеңберінде Комитет мемлекеттік қызметтің үш түрін автоматтандыру және оңтайландыру жөнінде бірқатар іс-шаралар жүргізді.

Сонымен, "Соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтама беру" мемлекеттік қызмет толық автоматтандырылды.

Құжаттарды қабылдау және мемлекеттік қызметтерді көрсету нәтижесін беру www.egov.kz «Электрондық үкімет» веб-порталы (әрі қарай - портал) арқылы альтернативті түрде де, сонымен бірге анықтаманы қағаз үлгісінде алу қажет болған жағдайда Мемлекеттік корпорация арқылы жүзеге асырылады.

Сонымен бірге, қызметтерді оңтайландыру шеңберінде азаматтарға жылжымалы жүйенің абоненттік қондырғысы арқылы, яғни eGov порталының мобильдік қосымшасы арқылы электрондық анықтама алу мүмкіндігі берілген.

Азаматтарға арналған жаңа енгізулердің бірі Мемлекеттік корпорация филиалының мекенжайын таңдаумен шетелге шығу үшін анықтама алуға электрондық сұрау беру мүмкіндігі болып табылады, ол жерде қағаз түрінде жауап алуға болады. Бұрындары Мемлекеттік корпорацияға міндетті бара отыра қағаз варианты ғана жіберу мүмкін болатын.

Электрондық анықтаманы «EgovKzBot» Telegram-бота көмегімен алуға болады.

Анықтама алу үшін «Мобильді азаматтар базасына» (МАБ)

тіркелу қажет. Бұл үшін eGov.kz порталында Жеке кабинетке өзінің деректерін енгізу қажет.

Анықтама алу үшін Telegram мессенджерді көшіру керек, «EgovKzBot» іздеу жолына енгізу, енгізу/қайта енгізу. Әрі қарай «Қызметтер» бағанында "Соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтама беру" атты сервисті таңдау, содан кейін азаматқа растау коды көрсетілген SMS - хабарлама келеді, кодты енгізгеннен кейін соттылықтың болуы немесе болмауы туралы ақпарат берілетін болады.

Сондай-ақ, порталда электрондық анықтаманы ЭЦҚ қоймай-ақ «Бір реттік SMS паролінің сервисінің» көмегімен алуға болады.

Сонымен қатар, порталда «Үшінші тұлғалармен анықтама алу сервисі» жүзеге асырылған. Енді, жұмыс берушілердің өздері он-лайн қызметін қолдана отыра «жеке кабинет» және (немесе) sms-растау арқылы сұрау жіберілетін адамға қатысты, адамдардың келісім шарты болған кезде басқа адамдарға қатысты соттылықтың болуы немесе болмауы туралы электрондық сұрау жібере алады.

Осындай қызметті алудың негізгі шарты МАБ-на тіркеу болып табылады. МАБ-не тіркелу үшін қызмет алушыға порталдағы «жеке кабинетте» «телефон» деген бағанда телефон нөмірін көрсету керек немесе оны ЖСН-ді Мемлекеттік корпорацияның кез келген фронт-офисіне тіркеу қажет.

Комитеттің және оның аумақтық басқармаларының мұрағаттары шеңберінде мұрағаттық анықтамаларды және/немесе мұрағаттық құжат көшірмелерін беру» мемлекеттік қызметі ішінара автоматтандырылған.

Қызмет алуға үшін электрондық сауалдарды жіберу сервисі портал арқылы іске қосылды. Қазіргі уақытта, қызметті портал арқылы немесе Мемлекеттік корпорация арқылы тапсыруға болады. Қызметтің нәтижелерін Мемлекеттік корпорация арқылы ғана алуға болады. Қызмет көрсету мерзімі 30 күнтізбелік күннен 10 күнтізбелік күнге дейін қысқартылған.

ция арқылы тапсыруға болады. Қызметтің нәтижелерін Мемлекеттік корпорация арқылы ғана алуға болады. Қызмет көрсету мерзімі 30 күнтізбелік күннен 10 күнтізбелік күнге дейін қысқартылған.

«Прокуратура органдарынан, тергеу және анықтау органдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою» мемлекеттік қызметі автоматтандырылмаған, ол Мемлекеттік корпорация арқылы қағаз түрінде көрсетіледі. Қызмет көрсету мерзімі 5 жұмыс күні. Прокуратура органдарынан шығатын апостиль қоятын құжаттардың 99% есепке ала отыра, соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтаманы құрайды, мынадай мүмкіндік іске асырылады:

- композиттік қызметке электрондық өтініш беру - соттылықтың болуы немесе болмауы туралы апостиль қойылған анықтама;

- мемлекеттік бажды онлайн режимінде электрондық үкіметтің төлем шлюзі (ЭУ ТШ) арқылы төлеу;

- қызмет алушының филиалдың мекенжайын порталда таңдау.

Қызметтердің нәтижелерін қағаз түрінде алу үшін қызмет көрсететін Мемлекеттік корпорациялар.

Комитеттің қызметін электрондық форматқа 100% көшіру мақсатында, ҚР ЭМ «Е-Апостиль» сервисін іске асыру шеңберінде апостильдендіру бойынша қызметтерді электрондық форматқа толық көшіру жұмысы жүргізілуде.

Куаныш ЖЕТПІСБАЕВ,
ҚР БП ҚСЖАЕАЖК-нің Жетісу облысы бойынша Департаментінің қылмыстық саладағы құқықтық ақпаратты қалыптастыру аға прокуроры.

Мемлекеттік қызмет көрсету саласындағы жаңалықтар

Қолданыстағы еңбек заңнамасында сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған адамдар үшін белгілі бір шектеулер қарастырылған.

Квзимемлекеттік сектор ұйымына жұмысқа түру кезінде адам сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы мәліметтердің бар не жоқ екені туралы анықтама ұсынуға міндетті.

Қазір квазимемлекеттік ұйымдарға жұмысқа орналастыруды шектеу барлық лауазымдарға қолданылады, бұрын бұл шектеулер басқарушылық функцияларды орындауға байланысты лауазымдарға қатысты болатын.

Бас прокуратураның Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті адамның сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы мәліметтерді беруді мемлекеттік қызметтер көрсету санатына ауыстырды.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің қабылдануы және ұсынылуы www.egov.kz «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы жүзеге асырылады.

Қызметтің орындалу мерзімі 10 минут, қосымша

анықтамалық тексеріс жағдайында - 5 жұмыс күнді құрайды.

Сондай-ақ қызметкерлерге қатысты мәліметтерді алу үшін, олардың келісімі болған жағдайда «жеке кабинет» және (немесе) sms-растау арқылы жұмыс берушілерге қолжетімді. Осындай қызметті мобильді азаматтар базасында тіркелген жағдайда ғана алуға болады.

Мобильді азаматтар базасында тіркелу үшін көрсетілетін қызметті алушы Мемлекеттік корпорацияның кез келген фронт-офисіне жүгіну арқылы «электрондық үкімет» веб-порталының «Жеке кабинетіндегі» «телефон» бағанында телефон нөмірін көрсету немесе оны жеке сәйкестендіру нөміріне (ЖСН) байланыстыру қажет.

Дарын ЖУЛУНОВ,
ҚР БП ҚСЖАЕАЖК-нің Жетісу облысы бойынша Департаментінің қылмыстық саладағы құқықтық ақпаратты қалыптастыру аға прокуроры.

Электронды үкімет порталының пайдасы

Қазіргі таңда азаматтардың үйден шықпай - ақ өзіне қажетті қызметті алу үшін бар жағдайды жасап, жан - жақты мүмкіндіктерді қарастырып қойған.

Электронды үкімет - ақпараттық технологиялар көмегімен ішінара келісушілікті қамтамасыз ететін, мемлекет пен азаматтар арасындағы, сондай-ақ мемлекеттік органдардың өзара әрекеттестігінің бірыңғай механизмі. Мемлекеттік органдарға кезекті қысқартып, анықтама, куәлік, рұқсат құжаттарын және тағы басқаларын алуды жеңілдетуге әрі жылдамдатуға мүмкіндік берген де - осы механизм. Egov.kz сайтына планшет немесе смартфоннан, компьютер не ноутбуктан

да кіруге болады. Әзірше мобайл қосымша дамып жатыр, сондықтан гаджеттермен интернеттегі барлық мемлекеттік қызметке қосылу мүмкіндігі аз. Электрондық үкіметтің барлық бөлімі компьютер қолданушыларына ашық. Электронды порталда жұмыс істеу кез келген пайдаланушыға қиын болмайтындай етіп жасалған.

Әсіресе, электрондық цифрлық қолтаңбамен жұмыс істеу пайдаланушыға көп мүмкіндіктер береді. Ол арқылы түрлі анықтамаларды алып қана қоймай, сондай-ақ коммуналдық қызметтерді, салық, басқа да төлемдерді жасауға болады.

"Электрондық үкімет" азаматтардың мемлекеттік билікпен, түрлі әлеуметтік

қызметтермен тікелей және ашық диалогын жүргізу мүмкіндігін қамтамасыз етеді, кез - келген дәрежедегі және мәртебедегі мемлекеттік ордадағы әрбір басшымен диалогты "электрондық үкімет" қолжетімді қылып ғана қоймайды, сонымен қатар интерактивті етеді.

"Электрондық үкіметті" енгізу мемлекет үшін сыбайлас жемқорлық сияқты зиянды құбылыстың азаюына ықпал етті, мемлекеттік құрылымдардың ашықтығын арттыра түсті және мемлекеттік ордадағыларға өтініш қалдыру жеңілдеді.

Арай ҚОЖАХМЕТОВА,
Ақсу ауданы әкімдігінің «Ақсу ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің бас маман іс-жүргізушісі.

АБАЙЛАҢЫЗ ИНТЕРНЕТ



АЛАЯҚТАР

Жетісу облысы бойынша жыл басынан бері 26 интернет алаяқтық фактілері тіркелді, бұл республика аумағында 2871 тіркелген алаяқтықтың жалпы санының 0,91 % құрайды.

26 интернет алаяқтық фактілері өңірлер бөлінісінде: Талдықорған қаласы-17, Алакөл – 5, Ескелді – 2, Панфилов – 1, Сарқан - 1. Көбінде, бұл қылмыстың түрі ұялы телефондарды қолдану арқылы жасалады.

Алаяқтар банктік ақпаратқа қол жеткізу үшін азаматтардың қажетті жеке мәліметтерін алудың түрлі тәсілдерін қолданады: жоғары лауазымды полиция қызметкерлері WhatsApp мессенджеріне алдын ала қолдан жасалған, растайтын құжаттарды тастай отырып ұсынады: елтаңбалы мөрмен расталған қызметтік куәліктерді, қылмыстық іс қозғау туралы қаулы түрлі банктердің қаржы бөлімдерінің қызметкерлері ұсынады.

Мысалы, Талдықорған қалалық полиция басқармасымен аз. Б. арызы бойынша тергеу-тексеру жүргізілуде, іс құжаттарына сәйкес белгісіз тұлғалар оның атынан онлайн несие алып, алған қаражатты жымқырған.

Көбінде Сізге несие рәсімделгені туралы жаңылыстырады және олар банк картасы бойынша мәліметтерді, карточка нөмірін, банк картасының артқы жағында орналасқан CV кодын хабарлауды сұрайды.

Көбінде алаяқтар "WhatsApp" мессенджеріне қонырауларды пайдаланады, өткені "WhatsApp" қонырауларды бақылау қиын, өйткені бұл адамдар ел ішінде де, одан тыс жерлерде де болуы мүмкін.

Интернет-алаяқтық «Колеса», «Крыша», «OLX» интернет-сайттарын пайдалану арқылы да жасалады.

Өлеуінегізгі желілер арқылы: «Инстаграмм», «Телеграмм», «Фейсбук», «ВКонтакте», арқылы мүлкіті сату туралы хабарландыруды жариялау кезінде. Сонымен қатар алаяқтар көбінесе қымбат заттардың өте төмен құнын пайдаланады, осылайша сатып алушыларды тартады.

Қазіргі уақытта қылмыстың осы түрін жандандыруға байланысты ішкі істер органдары қылмыстың осы түрін жасауға жол бермеуге бағытталған шаралар қабылдауда. ИІМ қылмыскерлердің алаяқтық әрекеттері туралы ескерту сипатындағы SMS хабарламалар жібере басталды.

Республиканың ішкі істер органдары азаматтарды сақ болуға және негізгі сақтық шараларын ұстануға шақырады.

ИІМ негізгі ұсынымдары:

1. Ешқандай жағдайда банктер немесе құқық қорғау органдары қызметкерлерінің несие беру, мүлкіті сату және ақшасын қауіпсіз шоттарға аудару немесе несие беру туралы телефон нұсқауларын орындамаңыз. Құқық қорғау органдары телефон арқылы арнайы операциялар жүргізбейді.

2. Өзінің дербес деректерін, пластикалық карталардың деректемелерін ешкімге хабарламау, аударымдар туралы түбіртектерді, тіпті банк, полиция қызметкерлері болып табылатын тұлғаларға кодтар мен кодтық сөздерді және т.б. бермеуді талап етеміз.

3. Жеке деректерді белгісіз және тексерілмеген сайттарға және басқа көздерге бермеңіз. Тексерусіз алдын ала төлем жүргізбегеніз. Тауарды алғаннан кейін төлем туралы келісуге тырысыңыз. Мұндай қызметтер, мысалы Қазпоштамен көрсетіледі.

4. Күмәнді мәмілелер бойынша аударымдарды жүзеге асырмаңыз, ашық кіріс көзінсіз қаржылық схемалардан сақ болыңыз.

5. Қолданбаларды орнату үшін тек ресми App Store, Play Market және т.б. пайдаланыңыз.

6. Өтпеуге сілтемелер бойынша жіберуді, мысалы жалған төлемдер жасалғандай болып көрсетілуі мүмкін, жеке тұлғалар төлем жасау үшін жеке ұялы телефондағы бағдарламалардың СПАМ-сілтемесі жеке терезесі арқылы белгісіз тұлғалардан хабарлама ретінде келу мүмкін.

7. Банкинг қызметтеріне қолжетімділік құпия сөздерін үнемі ауыстырып отыруды, яғни, 3D қорғауды және банктер ұсынатын басқа да, қауіпсіздік шараларын пайдаланып отыруды.

8. Негізінде тұлғаларға өздерінің шоттарындағы ақша қозғалысын жиі тексеріп отыруды ескертеміз.

Жайық МҰҚАНОВ,
ҚР БП ҚСЖАЕАЖК-нің Жетісу облысы бойынша
Департаментінің қылмыстық саладағы құқықтық ақпаратты
қалыптастыру бөлімінің бөлім бастығы,
кіші әділет кеңесшісі.

Құқықтық статистика органдарымен көрсетілетін мемлекеттік қызмет алу тәртібіндегі оң өзгерістер мен Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Мемлекет басшысының неғұрлым талап етілетін анықтамалар мен қағаз растамаларды алып тастау жөніндегі тапсырмасын орындау шеңберінде ақпаратты цифрлық растауды қамтамасыз етеді

Құқықтық статистика органдарымен мемлекеттік 9 түрі қызметтері алдағы уақытта көрсетіліп жүрген болатын, қазіргі кезде мәлімет және жұмыста пайдалану үшін Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің «Соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтама беру», «Наркологиялық ұйымнан анықтама беру», «Психоневрологиялық ұйымнан анықтама беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметтерін «Е-қызмет» персоналды басқарудың интеграцияланған ақпараттық жүйесі арқылы алу мүмкіндігі іске толығымен асқандығын хабарлайды.

Атап айтқанда, осы бағытта Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Мемлекет басшысының неғұрлым талап етілетін анықтамалар мен қағаз растамаларды алып тастау жөніндегі тапсырмасын орындау шеңберінде ақпаратты цифрлық растауды қамтамасыз ете отырып, яғни өткен жылдың қазан айында және ағымдағы жылдың сәуір айында мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізіліміне (бұдан әрі – тізілім) мемлекеттік органдардың ұсынған ұсыныстары және анықтамалардың күшін жою бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар негізінде өзгерістер енгізілді, 9 мемлекеттік көрсетілетін қызметтер қазіргі кезде алынып тасталды, мысалы мына төмендегі көрсетілгендей:

- Тұлғаның әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны туралы Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің есептері бойынша мәліметтер беру (404 629 жыл бойы қағаз айналымдар);

- Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры салымшысының (алушысының) зейнетақы жинақтарының (инвестициялық кірістерін ескере отырып) жай-күйі туралы ақпарат беру (жылына 1 млн-нан астам анықтама);

- Жалғыз тұрғын үйі авариялық деп танылған азаматтарға анықтама беру (жылына 44 анықтама);

- Жылжымайтын мүлкітің меншік иесі (құқық иеленушісі) туралы мәліметтерді қамтитын техникалық паспортқа қосымша беру (жылына 307 224 анықтама);

- «Занды тұлғалар» мемлекеттік деректер қорынан анықтама беру (жылына 3 288 055 анықтама);

- Жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар және тоқтатылған құқықтар туралы анықтамалар беру (жылына 40 856 анықтама);

- Жылжымалы мүлік кепілін тіркеу тізілімінен үзінді-көшірме беру (жылына 106 079 анықтама);

- Тауар таңбаларының мемлекеттік тізілімінен, тауар шығарылған жерлердің атауларынан үзінді көшірме беру (жылына 192 анықтама);

- Азаматтың әскери қызметке қатынасы туралы анықтамалар беру (жылына 78 339 анықтама).

Жоғарыда көрсетілетін қызметтер қазіргі кезде 9 мемлекеттік қызмет көрсету анықтамаларды алып тастағаннан кейін мұндай ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз етудің әртүрлі тәсілдері бар, мысалы:

1) мекен-жай анықтамасы дербес деректердің болуын ескере отырып, үшінші тұлғалар арналған сервис арқылы беріледі (https://egov.kz/cms/ru/services/pass_sr11);

2) есепке алынуы Мемлекеттік кірістер органдарында жүргізілетін берешектің жоқ (бар) екендігі туралы мәліметтерді ақпараттық ресурста қолжетімді ету болып табылады [kgd.gov.kz \(https://kgd.gov.kz/ru/app/culs-taxarrear-search-web\)](https://kgd.gov.kz/ru/app/culs-taxarrear-search-web);

3) азаматтың жеке өзіне қажетті кейбір мәліметтер оның «электрондық үкімет» порталының жеке кабинетінде қосымша көрсетіледі;

4) мемлекеттік органдар үшін интеграциялық өзара іс-қимыл;

5) «Электрондық үкімет» порталында жалпыға қолжетімді нысанда жүзеге асырылады.

Осыған орай, азаматтар мен мемлекеттік органдар арасындағы артық қағаз айналымын болдырмау мақсатында «электрондық үкімет» порталында Шығыс құжатты басып шығару мүмкіндігінсіз ақпаратты қарау режимінде тізілімнен шығарылған мәліметтерді көрсетуді іске асыру туралы атап өтеміз. Алайда, жеке және заңды тұлғалардан анықтамалардың қағаз нысанын, әсіресе «Занды тұлғалар» мемлекеттік базасынан анықтамалар беру» қызметі бойынша басып шығарудың мүмкін еместігіне қатысты өтініштер келіп түседі.

Жоғарыда көрсетілген анықтаманың 10 кіші түрі бойынша ақпарат жалпыға қолжетімді болып табылады, яғни ол ЭЦҚ-сыз (бір реттік пароль бойынша) тапсырыс бере алатын кез келген портал пайдаланушысына қарау режимінде қолжетімді.

Сонымен қатар, заңды тұлғаларды, олардың филиалдары мен өкілдіктерін мемлекеттік тіркеу/қайта тіркеу туралы анықтама тізілімнен шығарылмаған, оны алу техникалық жағынан pdf-форматында қолжетімді.

Мемлекеттік қызметтер тізілімінен (бұдан әрі – МҚТ) шығарылған жекелеген мемлекеттік қызметтер бойынша мәліметтерді «электрондық үкімет» порталында шығу құжатын басып шығару мүмкіндігінсіз ақпаратты қарау режимінде көрсету жүзеге асырылғаны туралы халыққа түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажет. Шығу құжатын басып шығару мүмкіндігінсіз болмауы техникалық ақаудың салдарынан емес, азаматтар мен мемлекеттік органдардың арасындағы артық қағаз айналымын жою мақсатында жасалғанын азаматтарға түсіндірілді.

Бұдан бөлек, цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2020 жылғы 17 қазандағы №390/НҚ бұйрығымен (2020 жылы 21 қазанда № 21463 Әділет министрлігінде тіркелген) «Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеттің есебі бойынша тұлғаның әкімшілік құқық бұзушылық жасауы туралы мәлімет беру» мемлекеттік қызметі оны толықтай автоматтандыруға және порталдың жеке кабинеті арқылы ұсынуға байланысты МҚТ алынып тасталған.

Бұл процесстің автоматтандырылуы Мемлекеттік корпорацияны және қызмет берушінің кеңсесін айналып өтіп, ЖСН бойынша онлайн режимде азаматтардың әкімшілік анықтамасын алуға мүмкіндік берді. Анықтама алу уақыты 3 жұмыс күнінен 15 минутқа дейін қысқарды. Бұдан бөлек, «Анықтаманы үшінші тұлғадан алу сервисі» және «eGov» mobile арқылы әкімшілік анықтаманы үшінші тұлғадан алу мүмкіндігі жүзеге асырылған.

Бұдан басқа, көрсетілген ақпараттарды еркін қолжетімділікте «Өзіңіздің айыппұлдың білі» атты қосымшадағы Комитеттің <http://qamqor.gov.kz> сайтынан алуға болады, өзінің ЖСН және жеке бас куәлігінің нөмірін енгізе отырып.

Бүгінгі күнде, біздің үш мемлекеттік қызметімізді оңайлатып және жеделдетіп

порталдан алуға болатын мүмкіндік жүзеге асырылған. «Соттылықтың болуы не болмауы туралы анықтама беру» мемлекеттік қызметі толықтай автоматтандырылған. Мемлекеттік қызмет көрсетуге құжаттар қабылдау және нәтижесін беру портал арқылы жүзеге асырылады.

Жүргізілген бұл жұмыс азаматтардың сұрауларының көп бөлігін үйден шықпай, 10 минуттың ішінде алуға мүмкіндік берді.

Қызметті оңтайландыру аясында азаматтарға оны ұялы байланыстың абоненттік қондырғылары арқылы, яғни порталдың ұялы түрі арқылы алу мүмкіндігі ұсынылған.

Азаматтар үшін тағы да бір ыңғайлылық шет елге шығу үшін анықтамаға сұрауды электронды түрде беру мүмкіндігі, қағаз жүзінде алуға өтініш білдірген Мемлекеттік корпорацияның филиалдарының мекенжайын таңдай отырып. Бұрын сұрау тек қағаз жүзінде міндетті түрде Мемлекеттік корпорацияға барып жолданатын.

Порталда «Анықтаманы үшінші тұлғадан алу сервисі» көмегімен сұрау салған бастамашы өз бетінше егерде бұл тұлғаның келісімі болған жағдайда, басқа тұлғаға қатысты электрондық сұрау жолдай алады.

Электрондық анықтама алуға Мемлекеттік корпорацияның фронт-кеңсесіне азаматтарды жіберудің қажеті жоқ.

Анықтаманы «EgovKzBot» қосымша Telegram мессенджері көмегімен де алуға болады. Анықтама алуға керектің барлығы - азаматтардың мобильді базасына тіркелу.

Соттылықтың болуы не болмауы туралы анықтаманы апостильмен беру бізге оны азаматтарға композитті беруге мүмкіндік берді, яғни «бір өтініш» қағидаты бойынша. Бұл үшін композитті қызмет алуға өтінішті электронды түрде беру, электрондық үкіметтің төлем шлюзіннің көмегімен онлайн режимде баж салығын төлеу, қағаз жүзінде нәтижені алу үшін, порталда Мемлекеттік корпорацияның филиалдарының мекенжайын таңдау мүмкіндігі жүзеге асырылған.

Комитеттің қызметтерін 100% электрондық нысанға көшіру мақсатында, ҚР Әділет министрлігінің «Е-Апостиль» сервисін жүзеге асыру аясында апостиль қою бойынша қызметті толықтай автоматтандыру бойынша жұмыстар жүргізілуде.

«Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті және оның аумақтық департаментінің архивтері шегінде архивтік анықтамалар және/болмаса архивтік құжаттардың көшірмесін беру» мемлекеттік қызметі жеке және (немесе) заңды тұлғаларға электронды (жартылай автоматтандырылған) және қағаз жүзінде көрсетіледі.

Мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелерінің кадр қызметтері азаматтарға жүк салмай, құқықтық статистика және арнайы есепке алу органдарының мәліметтерін дербес құрамды басқарудың «Е-Кызмет» интеграцияланған ақпараттар жүйесі арқылы жеке және заңды тұлғалар өздері ала алатындары туралы түсіндірілді.

Талғат ОМАРХАНОВ,
ҚР БП ҚСЖАЕАЖК-нің Жетісу облысы бойынша Сарқан және Алакөл аудандарының аға прокуроры.

Құттықтаймыз!



Өнерің өнмен қарай
Ортамызда жүр мәңгі

ҚҰТТЫҚТАУШЫЛАР:
апасы - Перизат, әкесі -
Мадияр, анасы - Сымбат,
көкесі - Динара,
әпкесі - Айжан,
қарындасы - Айару.

Көкөзек ауылының жас тұрғыны, аудандық, облыстық, республикалық сайыстардың, пән олимпиадаларының жеңімпазы. Бокстан өткен жарыстың жүлдегері, Қуат Төрібаев атындағы орта мектептің 4-сынып оқушысы, отбасымыздың қуанышы, сүйікті де, сүйкім ді немереміз **Мадиярұлы Қайрат** 11 ақпан күні мерейлі 10 жасқа толады.

Туылған күнімен құттықтай отырып, мықты денсаулық, жоғары білім, болашағы зор, балалық шағы бақытты өтсін деп тілейміз және осы өлең жолдарын арнаймыз.

Мерейлі мерекен,
құтты болсын,
Өрқашан денсаулығың,
мықты болсын.
Алға қойған мақсаттарың
орындалып,
Ел мақтанатын азаматтың
бірі болғын.
Болашағың зор болсын
балапаным,
Өмірің қуанышқа тола берсін.
Мақсаттарың айқындалып
алдыңнан,
Шыңдардың биігіне
өрлей бергін.

«Тәрбие басы – тіл», - деген осы күнге дейін мән-мағынасын жоғалтпаған қанатты сөз XI ғасырдың ұлы ойшылдарының бірі Ахмет Йүгінекидің есіміне қатысты. Үзілмей келе жатқан осындай даналық дәстүрінің жалғасын біз бүгінгі ұрпақтан да көреміз. Ана тіліміздің айтып жеткізуге болмайтын асыл қасиеттерін тап басып танып, қанатты сөздерге айналдырған зиялыларымызда баршылық. Тіл құдіреті - ерекше. Оның бітпесті бітіретін, жетпесті жеткізетін, үзілгенді жалғайтын мүмкіндігі бар. Бір ауыз сөз опық жегізіп, өмір бойы өзегінді өртесе, бір ауыз орынды айтылған сөз жадында жатталып, бақытқа жеткізеді.

Ана тілінің қадір-қасиетін біле білген халқымыз оны ұлттың рухына, қазына байлығына балайды. Себебі не? Тіл - халықтың жаны, сәні, тұтастай кескін - келбеті, ұлттық болмысы. Адамды мұратқа жеткізетін - ана тілі мен ата дәстүрі. Біздің осындай халықтық қасиетті мұрамыз, ана тіліміз - қазақ тілі. Өр халықтың өзінің ана тілі бар. Тіл - жеке адам ойлап тапқан туынды емес, ол барша ұлтқа ортақ, соның төл перзенті. Сол

ҰЛТТЫҢ ҚУАТЫ – ТІЛІНДЕ



халықтың мәдени әлеуметтік өмірінде өзіндік мәні бар киелі ұғым. Тіл құдіреті - ерекше. Оның бітпесті бітіретін, жетпесті жеткізетін, үзілгенді жалғайтын мүмкіндігі бар.

Тіл – ұлттың жан дүниесі. Расында қазақ халқының басында талай қиын нәубет, қайғылы күндердің болғаны тарихтан белгілі. Сондай ауыр сәттерде, сын сағаттарда ата-мекен қонысын тастап босқан халықтың өзімен бірге алып жүрген байлығы - ана сүтімен санасын дарыған ана тілі ғана. Халқымыздың тілге беріп жүрген бағасы бұл ғана емес, ана тілге деген мейірім, махаббат сезімін білдіретін сөздер көп-ақ. Оған жүздеген мысалдар келтіруге

болады. Осы сияқты ой тұжырымдардың баршасы ел аузына түспей, ғасырлар өтсе де ұрпақ жадында сақталған қанатты сөздер.

Ана тілі – ең басты байлығымыз. Ана тілі – ең ұлы мен тамаша тіл. Халық боп жасағаннан бері жан дүниеміздің айнасы, өсіп-өніп түрлене беретін, мәңгі құламайтын бәйтерегі, - деп Жүсіпбек Аймауытов айтқандай елін, жерін сүйген әрбір азаматтың көкірегінде ана тіліне деген сүйіспеншілігінің мақтаныш сезімі болуы керек.

Меруерт УАЛИ,
Ақсу ауылдық мәдениет үйінің директоры.

ТӘРБИЕ БАСТАУЫ - ТӘРБИЕШІ

Бала - біздің жарқын болашағымыз, келешегіміз. Жас бүлдіршіндеріміздің саналы азамат, салиқалы ұрпақ болуы кішкентай кезінен бері қаланып келе жатқан тәрбиесіне, оның алатын тәліміне тікелей байланысты. Ал, бала үшін берілетін тәрбие, қоғаммен байланыс, орта арасындағы көпір үшін Тәрбиешінің алар орны маңызды.

Балабақша табалдырығын аттаған әрбір бүлдіршінді өркениетті еліміздің тұтқасын ұстайтын ертеңгі ел азаматтары деп білеміз. Әр баланың бойынан оның қандай іске қабілетті, қандай өнерге бейімді екенін, икемділігін байқау балабақша тәрбиешілерінің ізденісіне, байқампаздығына байланысты. Бұл сөзімді мен Жақыпбаева Гүлсан осы мамандық саласында 16 жылдан астам жұмыс атқарып келе жатқаным, әр баламен өткерген қызықты, тәрбиеге толы сәттерімді, берген тәлімімді, әріптестер арасындағы ұжымшылдығымды дәлел еткім келеді.

Мен өз мамандығын



сүйген, бала өміріне үлкен жауапкершілікпен қарайтын әріптестерімді, басқа да үнемі ізденіс үстінде жүретін, өз ойларын бөлісіп отыратын ұжымдастарым мақтанышпен айтқым келеді. Осындай ауызбіршіліктің нәтижесінде керемет жұмыстардың нәтижесі бар. Осындай тамаша ортада еңбек етіп жүргеніме қуанамын. Бала жүрегі – кішкентай күй сандық. Ол сандықтың кілтін тапсаң ғана ашы-

лады. Тәрбиешінің қолында әркез сол кілт жүруі керек деп білемін. Отбасымда 2 ұл мен 3 қыз тәрбиелеп отырған көпбалалы – үлгілі отбасының отанасымын. Ана ретінде балалардың әрбір күлкісі менің өмірімнің мәні ретінде қабылдаймын.

Дарынды ұл, дара азамат, талантты қоғамның бастауы да балабақша екені сөзсіз. Сол тұлғалардың дұрыс қанаттануы мен биікке өрлеуі балабақша қызметкерлеріне тікелей байланысты. Ұлы ақынымыз М.Жұмабаев «Мен дәрігерден гөрі тәрбиешілердің көп болғанын қалаймын, себебі, дәрігер дененді сауықтырса, тәрбиеші өне бойыңды сауықтырады» деген. Олай болса, мектепке дейінгі тәрбие саласы қызметкерлерінің барша тәрбиешілердің еңбегі ерен екені даусыз.

Гүлсан ЖАҚЫПБАЕВА,
Кеңжыра орта мектебі,
мектепке дейінгі шағын орталығының кіші „Қызғалдақ“ тобының аға тәрбиешісі.

Мемлекеттік тілді жетік білеміз бе?

Ұлт зиялысы Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай: «Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл». Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілді меңгеру – Қазақстан Республикасының әр азаматының парызы. Мемлекеттік тіл болып табылатын қазақ тілі – мемлекеттің барлық аумағында, қоғамдық қатынастардың барлық салаларында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс жүргізу тілі.

Қазіргі таңда мемлекеттік тілді жетік меңгерту мақсатында Жетісу облысы бойынша 1 облыстық, 1 қалалық, 9 аудандық «Тіл» оқу - әдістемелік орталықтары жұмыс атқаруда. Әр филиалдың оқытушылары тыңдаушыларға кестеге сай сабақ сай жүргізуде. Мемлекеттік тілді оқыту барысында туындайтын сұрақтардың қатары төмендегідей: Қазақ ұлты бола тұра неге өз тілімізді үйренуіміз керек? Бұл курс не үшін қажет? Алайда, «ҚазТест» сынағының нәтижесі негізінде белгілі межеден өтпей қалған қызметкерлер саны артып тұр. Күнделікті қолданыстағы сөздер де өзгеріске ұшырауда.

Біздің мекемеіміздің мақсаты: аудан тұрғындарын, соның ішінде өзге ұлт өкілдерін қазақ тілін жетік меңгеруге бағыттау және үйрету. Курс нәтижесінде қазақ тілінің дыбыстық құрамын, дыбыстардың айтылу нормасын, дыбыстық заңдылықтарын, грамматикалық құрылысын меңгеріп, ойын еркін жеткізуге, сөздік қорын меңгеруге, сонымен бірге қазақша сөйлеуге жаттығып, қазақ тілінде қарым-қатынас жасауға үлесін қосады. Әр апта сайын әлеуметтік желіде «Сіз білесіз бе?» айдары бойынша тілдік қолданыстағы қателер жайында түсінік беріліп отырады. Мысалы: «Көп рахмет, үлкен рахмет!» тіркестерінің орнына «Рақмет!» сөзінің қолданылуы орынды екендігі түсіндіріледі. Себебі алғыс білдірудің үлкен не болмаса кішісі болмайтыны белгілі. «Қайырлы таң, қайырлы күн, қайырлы кеш!» тіркестерінің орнына «Таң жарық, күн жарық, кеш жарық!» тіркестерін айту ұсынылады. Күнделікті өмірде қолданылып жүрген «туылған күн» тіркесінің дұрыс формасы «туған күн», «алдыға» емес, «алға» сөзінің дұрыстығы т.б.

Сонымен қатар реттік сан есімдердің жазылу емлесі (1 мамыр, 8 наурыз), қазақ тіліндегі көптік мағынаны білдіретін сөздермен тіркесетін есім сөздерді көпше емес, кекеше түрде айту керектігі үнемі көрсетіліп отырады. Қазақша терең сөйлеймін деген жанның да сөздік қорында орыс тілінің сөздері калька арқылы араласып кеткен. Калька аударманың тіл тазалығына зиянын түрлі жарнамалардан, әртүрлі қоғамдық мекемелердегі есік маңдайшасындағы жазулардан, көшедегі билбордтардан да көріп жүрміз. Айтуға да, жазуға да қолайсыз қате аудармалар қазақ тілінің абыройын түсіріп, күлкі етеді. Сол себепті сөйлегенде, жазғанда қате аудармаларды қолданбай, тек дұрыс сөйлеген жөн.

Қазақ тілінің қолданысын кеңейтіп, өмірін ұзарту үшін өзге тілдің сөздерін қосуды доғару керек. Осы мәселені ескере отырып, әр адам тіл тазалығын сақтай білу қажет. Тілге құрмет – халыққа деген құрмет. Әрбір қазақстандық мемлекеттік тілді құрмет тұтса, ана тіліміздің мәртебесі үстем, болашағы жарқын болмақ!

Н.ТІЛЕУБЕРГЕНОВА,
аудандық «Тіл» оқу - әдістемелік орталығының оқытушысы.

БАЛА және ӨРТІЛ

Балалардың отпен ойнауынан өрттер өкінішке орай жиі туындайды. Мұндай өрттер өте қайғылы нәтижелерге әкеліп соқтыруы мүмкін.

Балалар оттың қаупін түсінбегендіктен оған аса қызығушылық білдіреді. Үш жастан бес жасқа дейінгі балалар өз ойындарында ересектерді, олардың іс-әрекеттерін, тұрмыс-тіршілігін қайталайды. Бұл жастағы балалар барлық нәрсені тезірек білуге және өз қолымен жасауға асығады. Әсіресе, олар үйде жалғыз қалғанда бұл қызығушылықтарын істе байқап көруге тырысады.

Бала жалғыз қалғанда сіріңкемен ойнап, қағаз жағып, бір кездері орманда жанғанын көрген алауды тұтатқысы келіп, әрекет қылуы мүмкін.

Өрт түрлі жағдайларға байланысты үлкендердің балаларды қараусыз жалғыз қалдыруға мәжбүр болатын кездері де болады. Әсіресе, балаларды пәтерде немесе бөлмеде жауып кеткен жағдайда бұл өте қауіпті. Өрт болған жағдайда олар дер кезінде қауіпсіз жерге шыға алмайды.

2023 жылы 12 айында Ақсу ауданында балалардың отпен ойнау себебінен 2 өрт оқиғасы тіркелген.

Балалардың отпен ойнауынан болатын өрттердің алдын алу үшін не істеу қажет:

- балаларға өрт қауіпсіздігі туралы жиі айтыңыз;
- өрт қауіпсіздігі ережелеріне байланысты барлық жағдайда үлгі көрсетіңіз;
- сіріңкелерді балалардың қолы жететін жерлерге қоймаңыз;
- газ плиталарды, пешті жағуды, электр құрылғыларын қосуды балаларға тапсырмаңыз;
- балалардың от жақпауын қадағалаңыз;
- сәбилерді үйде ересектердің бақылауынсыз жалғыз қалдырмаңыз;
- балалардың бос уақытына көп көңіл бөліңіз.

Балаға өрт жағдайында дұрыс іс-қимыл жасауды үйретіңіз. Өрт немесе жану белгілерін байқаған кезде (түтіннің таралуы, ауа температурасының жоғарылауы, күйкі иісі және т.б.) кез - келген жастағы бала дер кезінде сыртқа шығуы қажет.

Өрт туралы үлкендерге немесе өртке қарсы қызметке «101» және «112» телефон нөмірлеріне дереу хабарлау керек.

Талғат ЗЕЙНОЛДАНОВ,
Ақсу ауданының ТЖБ бас маманы,
азаматтық қорғау майоры.

"АҚСУ Өңірі"
Меншік иесі - ЖШС
"Ақсу өңірі" газеті"
Құрылтайшы, директор -
бас редакторы
ҚАСЫМБЕКОВА
ЛӘЗЗАТ
ҚАЛМҰХАМБЕТҚЫЗЫ

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму Министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитеті 2015 жылғы 16 қараша айында есепке қойылды. Күзлік №15701-Г

Газет бетінде жарияланған мақалалар авторының пікірі редакция көзқарасы болып табылмайды. Мақалалар өңделеді, авторға қайтарылмайды. Жарнама, хабарландырулар, арнау, құттықтаулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет қазақ тілінде аптасына бір рет, жұма күні шығады.

БІЗДІҢ
МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:
Ақсу ауданы,
Жансүгіров ауылы,
Желтоқсан көшесі, №5 "В",
аудандық әкімшілік үйінде

Тапсырыс 488
Осы шығарылымның таралымы 2501

Директор - бас редактор
- 2-12-90,
жауапты хатшы
- 2-12-90.

Электрондық пошта:
aksuoniri@mail.ru
Газеттің ресми сайты
aksuoniri.kz

Индекс: 65750
Офсеттік басылым көлемі 26 т.